

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің және оларға куәлік берудің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы N 110 Қаулысы.

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

2) жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін, 1949 жылдан бастап 1990 жыл кезеңінде радиациялық қатер аймақтарында және жеңілдетілген әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұратын және тұрған азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы (бұдан әрі - өтемақы) төлеуді қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.29. № 1319 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. "Қазақстан Халықтық жинақ банкі" акционерлік қоғамы (келісім бойынша):

1) 2006 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде аудандардың (қалалардың) әкімдеріне: салымшының тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, өтемақы сомасын көрсете отырып, өтемақы төлеу жүргізілмеген не ішінара жүргізілген азаматтардың қолданыстағы теңгерімнен тыс арнайы шоттарының тізілімін;

салымшының тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, төленген өтемақы сомасы мен күнін көрсете отырып, өтемақы төлеу толық жүргізілген азаматтардың жабылған теңгерімнен тыс арнайы шоттарының тізілімін берсін;

2) жергілікті атқарушы органдарға олардың сұрау салуы бойынша азаматтарға өтемақы төленгені туралы ақпарат ұсынсын.

4. "Қазпочта" акционерлік қоғамы (келісім бойынша):

1) 2006 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде өтемақы алушының тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, төленген өтемақы сомасын көрсете отырып, 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап 2005 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде өтемақы төленгені туралы қалалар мен аудандар бөлінісіндегі азаматтардың электронды және қағаз жеткізгіштердегі тізімдерін аудандардың (қалалардың) әкімдеріне берсін;

2) жергілікті атқарушы органдарға олардың сұрау салуы бойынша азаматтарға өтемақы төленгені туралы ақпарат ұсынсын.

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (қалалардың) әкімдері:

1) арнайы комиссиялар құрсын және Ережеге сәйкес Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу және оларға жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік беру жөніндегі жұмысты қамтамасыз етсін;

2) қажеттілікті ескере отырып, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегушілердің жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәліктерді дайындауға жыл сайын қаражат көздесін;

3) азаматтарға өтемақыны қайталап төлеу фактілеріне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1788-ХІІ қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 431 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 18, 22-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі

N 397 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 10, 98-құжат);

3) "Иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 34

қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 1, 18-құжат)

7. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 20 ақпандағы  
N 110 қаулысымен  
бекітілген

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік беру ережесі**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Осы Ереже Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды (бұдан әрі - азаматтар) тіркеудің, ядролық сынақтар келтірген залал үшін оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы (бұдан әрі - өтемақы) төлеудің және жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік (бұдан әрі - куәлік) берудің тәртібін айқындайды.

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті мемлекеттік орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган;

2) өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері;

3) өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – өтемақы төлеуді жүзеге асыратын ұйым ("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы);

4) өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар;

5) арнайы комиссиялар - Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу, оларға жеңілдіктер және өтемақы алу құқығын растайтын куәлікті беру үшін аудандар (қалалар) әкімдерінің шешімдерімен құрылатын комиссиялар;

6) азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты үйлестіруге арналған арнайы комиссиялар – Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты үйлестіру, даулы мәселелерді шешу үшін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің шешімдерімен құрылатын комиссиялар.

Арнайы комиссиялардың, азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты үйлестіруге арналған арнайы комиссиялардың жұмыс органы облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана, аудандар (қалалар) әкімдерінің шешімдерімен айқындалады;

7) іс қағазының макеті – азаматтың осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, жеке басын куәландыратын құжаттарды, 1949 жылдан бастап 1965 жылға дейінгі, 1966 жылдан бастап 1990 жылға дейінгі кезеңдерде Семей ядролық сынақ полигоны аумағында тұру (жұмыс істеу, әскери қызмет) фактісі мен кезеңін растайтын құжаттар қамтылатын өтемақы алуға арналған жеке іс қағазының макеті.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 14.04.2016 № 215; 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

## **2-тарау. Азаматтарды тіркеу және оларға куәлік беру тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **2. Іс қағазының макеттерін қалыптастыру және 1949-1965,**

1966-1990 жылдарда радиоактивтік ластануға ұшыраған аумақтарда тұратын, тұрған, жұмыс істеген немесе қызмет өткерген (оның ішінде мерзімді) азаматтардың өтініштерін қабылдау үшін меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде комиссиялар құрылады.

Комиссияның құрамына әкімшіліктің, қызметкерлердің және басқа да тұлғалардың өкілдері кіруі мүмкін.

### **3. Іс қағазының макеттерін қалыптастыру:**

1) жұмыс істейтін азаматтарға (зейнеткерлерден басқа) - негізгі жұмыс орны бойынша;

2) зейнеткерлерге (жұмыс істейтін зейнеткерлерді қоса алғанда), мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, жұмыс істемейтін азаматтарға - жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарында;

3) ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да әскери құралымдардың зейнеткерлеріне - зейнетақы тағайындалған жері бойынша;

4) медициналық-әлеуметтік мекемелердің, медициналық-әлеуметтік ұйымдардың қамқорындағыларға - тиісті мекемелердегі тұратын жері бойынша;

5) бас еркінен айыру орындарында жазасын өтеп жүрген азаматтарға - еңбекпен түзеу мекемелерінің әкімшіліктерінде жүргізіледі.

Іс қағазының макеттері мен өтініштер осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Азаматтардың өтініштері мен іс қағазының макеттерін тіркеу журналына тіркеледі.

Егер жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары арнайы комиссиялардың жұмыс органы болып белгіленген жағдайда, зейнеткерлердің (жұмыс істейтін зейнеткерлерді қоса алғанда), мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтардың іс қағаздарының макеттерін тіркеу 4-қосымшаға сәйкес Біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы алу үшін азаматтарды тіркеу журналында жүзеге асырылады.

Азаматтардың өтемақы тағайындау туралы жеке өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар белгіленген тәртіппен берілген сенімхат негізінде өтемақы тағайындау туралы өтінішпен және қажетті құжаттармен өтініш беру үшін басқа адамдарға уәкілеттік беруге құқылы.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.29. N 1319 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Бұрын берілген куәлікпен және осы Ережеде белгіленген тәртіппен берілген куәлікпен қатар, мыналар тиісті радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісін және кезеңін растайтын құжаттар болып табылуы мүмкін:

1) мұрағат анықтамалары, Халық депутаттарының ауылдық, кенттік кеңесінің, тұрғын үй-пайдалану басқармаларының, үй басқармаларының, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің, пәтер иелері кооперативтерінің анықтамалары;

2) еңбек кітапшасы;

3) оқу орнын бітіргені туралы диплом;

4) әскери билет;

5) туу туралы куәлік, орта білім туралы аттестат, негізгі мектепті бітіргені туралы куәлік;

6) алынып тасталды

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.19 N 880 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 N 1319 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми**

**жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

5. Ұсынылатын анықтамалар фирмалық бланкілерде орындалуы немесе олардың тіркеу нөмірі мен берілген күні көрсетілген бұрыштама мөртабаны болуы тиіс. Оларда оның негізінде анықтама беру жүргізілген құжат, берген ұйымның мөрімен куәландырылған анықтамаға қол қойған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні көрсетіледі.

6. Қарулы Күштерде, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткерген, Семей ядролық сынақ полигоны аумағындағы ядролық жарылыстардың салдарларын жоюға қатысқан адамдар тиісті анықтаманы қорғаныс, ішкі істер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдарынан алуына болады.

7. Егер тұру фактісі мен кезеңін растайтын мұрағаттық және өзге де құжаттар сақталмаса, онда азамат өзінің ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақта тұрғанының заңды фактісі мен кезеңін анықтау туралы өтінішпен тұрғылықты жері бойынша сотқа жүгіне алады.

8. Шаруашылық кітаптарына сәйкес берілген мұрағат анықтамаларында күні мен айы көрсетілмей, тұрған жылы ғана көрсетілген жағдайда, анықтамада көрсетілген тұру кезеңі толығымен тұру жылына есептеледі.

9. Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің комиссиялары қалыптастырылған іс қағаздарының макеттерін құжаттар алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес тізім бойынша арнайы комиссияларға жібереді.

Арнайы комиссияларға құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады. Көшірме мен түпнұсқаның сәйкестігін арнайы комиссияның уәкілетті мүшесі куәландырады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Іс қағаздарының макеттері келіп түскен кезде арнайы комиссиялар жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

1) азаматтардың іс қағаздары макеттерін осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы алу үшін азаматтарды тіркеу журналына (бұдан әрі – журнал) тіркеуді;

2) іс қағазының макеті ресімделген азаматқа өтемақының төлену (төленбеу) фактісін тексеруді:

"Қазақстан халықтық жинақ банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – банк), "Қазпошта" акционерлік қоғамының тізімдерін (тізілімдерін) салыстырып тексеруді;

қажет болған кезде банкке немесе "Қазпошта" акционерлік қоғамына азаматтарға өтемақы төленгені туралы ақпарат сұратуды;

аудандар (қалалар) әкімдіктерінің 1993 жылдан бастап төлеу сәтіне дейінгі кезең ішінде өтемақы төлеуге арналған тізімдерімен салыстырып тексеруді;



3) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдауды жүргізеді.

Азаматтың өтемақы сомалары бюджет қаражатымен расталмағандықтан, ол бойынша өтемақыны есептеу жүргізілмеген теңгерімнен тыс арнайы шоты болған кезде арнайы комиссия шешімде банктегі мұндай шотты жабу қажеттігі туралы көрсетеді және бұл мәліметтерді банкке тізім бойынша береді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10-1. Тексеру қорытындысы бойынша іс-қағаз макеті ресімделген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматқа өтемақы төлеу фактісі анықталған жағдайда, осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматты тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

**Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.19. N 880 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Қосымша сұрау салулар, тексерулер жүргізу қажет болған жағдайларда, арнайы комиссиялардың іс қағаздарының макеттерін қарау мерзімін оның төрағасы бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

12. Арнайы комиссиялар журнал деректерінің негізінде шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссияның төрағасы куәландырған тізімдерді жасайды, олар жеке іс қағаздары макеттерімен және арнайы комиссиялардың шешімдерімен бірге өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органның аудандық (қалалық) бөлімшелеріне жіберіледі.

Комиссия төрағасы растаған тізімге сәйкес бес жұмыс күні ішінде арнайы комиссия азаматқа осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік береді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Арнайы комиссиялар тіркемеген азаматтардың іс қағаздарының макеттері олар шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарылу себептері мен арнайы комиссиялардың ұсынымдары көрсетіле отырып, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің комиссияларына тізім бойынша қайтарылады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Өтініш беруші арнайы комиссиялардың әрекеттері мен Шешімдеріне азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты үйлестіруге арналған арнайы комиссияларға не сот тәртібімен шағымдана алады.

**3-тарау. Өтемақыны тағайындау және төлеу тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органның аудандық (қалалық) бөлімшелері келіп түскен іс қағаздары макеттерін тиісті журналға тіркейді және осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысанда бойынша Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобаларын дайындайды.

16. Өтемақы тағайындау үшін өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның аудандық (қалалық) бөлімшелерінің жұмыскерлері өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобаларын қоса бере отырып, іс қағаздарының макеттерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана филиалдары арқылы өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Іс қағазының макетін дайындау барысында теңгерімнен тыс арнайы шотта есепте тұрған не нақты төленген өтемақы сомасы анықталған жағдайда өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобасында анықталған өтемақы сомасы қосылмай (теңгерімнен тыс шотта нақты есепте тұрған не төленген) төленетін сома көрсетіледі, бұл ретте:

1) төленетін өтемақының есебі былайша жүргізіледі:

аударылған соманың күні бойынша теңгерімнен тыс арнайы шотқа аударылған өтемақы сомасының есебі не өтемақы төлеу жүргізілген айлық есептік көрсеткіш анықталады;

теңгерімнен тыс арнайы шотқа бұрын аударылған не нақты төленген өтемақы сомасы бұрын есептеу жүргізілген айлық есептік көрсеткіштер санына ауыстырылады;

төлеу сәтінде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің шамасын негізге ала отырып есептелген өтемақы сомасы мен оны төлеу (аудару) сәтінде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштердің санына ауыстырылған, нақты аударылған (төленген) өтемақы арасындағы айырма түрінде есептелген өтемақы төленуге қойылады;

2) өтемақыны немесе оның бұрын Банкке нақты аударылған бөлігін төлеуді Банк тікелей жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегушілер деп танылған және арнайы комиссиялар тіркеген азаматтарға өтемақыны тағайындау "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған радиациялық қатер аймақтары, жеңілдетілген әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақтар бойынша, оған қол қойылған сәттен бастап Қазақстан Республикасының



аумақтық-әкімшілік құрылымында болған өзгерістерге қарамастан, Семей ядролық сынақ полигонының аумағында 1949 жылдан бастап 1965 жылға дейінгі және 1966 жылдан бастап 1990 жылға дейінгі кезеңде толық тұрған әр жыл үшін жүргізіледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар он жұмыс күні ішінде осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес өтемақы тағайындау туралы шешім қабылдайды және оларды іс қағаздарының макеттерімен қоса өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана филиалдары арқылы өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның аудандық (қалалық) бөлімшелеріне жібереді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19. Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның аудандық (қалалық) бөлімшелері өтемақы тағайындау туралы шешімдердің негізінде өтемақы төлеуге арналған қаражат қажеттілігін жасайды және оны өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана филиалдарына ұсынады.

Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана филиалдары жиынтық қажеттілікті уәкілетті мемлекеттік органға ай сайын 25-күнге дейін жібереді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Уәкілетті мемлекеттік орган тиісті жылға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары шегінде ұсынылған қажеттілікке сәйкес өтемақы төлеуге арналып көзделген қаражатты бөледі және өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның шотына аударады.

21. Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым бөлінген қаражатқа және төлеу тәртібіне сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде өтемақы төлеу кестесін жасайды.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

22. Өтемақыны төлеу өтемақы алушылардың таңдауы бойынша өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардағы олардың жеке шоттарына қаражат аудару жолымен жүзеге асырылады.

22-1. Бас бостандығының айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға өтемақы төлеу сотталғандардың жазасын өткеру жері бойынша мемлекеттік мекеменің жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік мекемеге алғашқы талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін, толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемеақысымен не онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлға қайтаруға не тиісті

республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуге тиіс болу-болмауына қарамастан, оларды номиналды түрінде қайтару шарттарымен беретін ақша бойынша операцияларды есепке алу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына қаражатты аудару жолымен жүргізіледі (бұдан әрі - жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ).

Мемлекеттік мекеменің жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-сына қаражат түскен кезде қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемесі өтемақы сомасын сотталғандардың жеке шоттарына аударады, бұл ретте өтемақы сомасынан ұстаулар жүргізілмейді.

Сотталғандардың жеке шоттарына есепке алынған өтемақы сомалары бойынша өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым мен қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемесі арасында салыстырып тексеру актілері жасалады.

**Ескерту. Ереже 22-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 747 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

23. Төленген сомалар бойынша өтемақы төлеу және беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардың арасында ай сайын салыстырып тексеру актілері жасалады.

Өтемақы төлеу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу өтемақы төлеу және беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардың арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарттың негізінде жүргізіледі.

24. Бұрын куәлік алмаған азаматтар оны арнайы комиссияға тиісті радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісін және кезеңін растайтын құжаттарды қоса отырып, осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беру арқылы алуға құқылы.

Азаматтардың тиісті радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісі және кезеңі расталған жағдайда арнайы комиссия бес жұмыс күні ішінде азаматқа өтемақы алу құқығын іске асыру туралы белгісі бар куәлікті береді.

**Ескерту. Ереже 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Куәлігі жоғалған жағдайда, оның иесі арнайы комиссияға жоғалту және телнұсқасын беру туралы осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді. Өтінішке тиісті радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісін және кезеңін растайтын құжаттар қоса беріледі. Арнайы комиссия өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей азаматқа "Телнұсқа" деген мөртабан басылатын куәліктің телнұсқасын береді.

**Ескерту. Ереже 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Куәлікті, оның ішінде оның телнұсқасын беруді арнайы комиссия жүзеге асырады және осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарға куәлік беруді есепке алу журналына белгілейді.

Ескерту. Ереже 26-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік беру ережесіне  
1-қосымша  
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

мекенжайы бойынша тұратын

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ ,  
жеке басын куәландыратын құжат ЖСН \_\_\_\_\_ ,  
банк шотының № \_\_\_\_\_ ,  
банк атауы \_\_\_\_\_

### Өтініш

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегуші ретінде біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы (бұдан әрі – өтемақы) тағайындауды сұраймын.

\_\_\_\_\_ жылдан \_\_\_\_\_ қоса алғанда радиациялық әсер аймағында тұрдым.

Өтінішке жоғарыда көрсетілген аумақтарда тұру фактісін растайтын мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ұсынылған құжаттар үшін толық жауапты боламын.

Өтемақы тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

1993 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде өтемақы алған жоқпын (алған жағдайда алынған өтемақының сомасы көрсетіледі)

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

(кесу сызығы)

Азамат \_\_\_\_\_ өтініші қоса берілген құжаттарымен  
" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы \_\_\_\_\_ данада қабылданды.

Қолы \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Семей ядролық сынақ полигонындағы  
ядролық сынақтардың салдарынан  
зардап  
шеккен азаматтарды тіркеу, оларға  
біржолғы мемлекеттік ақшалай  
өтемақы  
төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы  
алу  
құқығын растайтын куәлік беру  
ережесіне 2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

Азаматтардың өтініштері мен іс қағаздарының макеттерін тіркеу журналы

(кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы)

P/c N	Өтініш берушінің Т.А.Ә . (бар болса), туған жылы	Мекен-жайы	Радиациялық қатер аймағында тұруы		Ұсынылған құжаттардың тізбесі (нөмірін, күнін және беруді жүзеге асырған органды көрсете отырып)
			жылдар	аймақтар	
1	2	3	4	5	6

Семей ядролық сынақ полигонындағы  
ядролық сынақтардың салдарынан  
зардап  
шеккен азаматтарды тіркеу, оларға  
біржолғы мемлекеттік ақшалай  
өтемақы



P/c N	Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болса)	Өтініш берушінің туған жылы	Өтініш берушінің санаты (жұмыс істейді, жұмыс істемейді, зейнеткер, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы)	Өтініш қабылданған күн	Радиациялық қатер аймақтарында тұрғаны		Ұсынылған құжаттар тізбесі (нөмірін, күнін және беруді жүзеге асырған орган)	Іс мәкетін ұсынған ұйымның кәсіпорының және мекеменің атауы	Арнайы комиссияның шешімі
					жылдар	аймақтар			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік беру ережесіне 5-қосымша

**Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.12.29. N 1319 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулыларымен.

\_\_\_\_\_ ауданы (қаласы) әкімінің жанындағы  
\_\_\_\_\_ арнайы комиссияның Қазақстан Республикасының азаматтарын Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен деп тану (танудан бас тарту) туралы шешімі N \_\_\_\_ хаттамаға, күні \_\_\_\_\_

Азамат \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), санаты (зейнеткер, мемәлеуметжәрдемақы алушы/жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін)

1. Азамат \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында;  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында;  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында

тұрған кезең үшін Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегуші деп саналсын.



2. Өтініш берушінің өтемақы төлемдері туралы деректерін "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның (бұдан әрі - Банк), "Қазпочта" АҚ-ның деректерімен салыстырып тексеру қорытындылары бойынша мыналар анықталды:

Азамат: \_\_\_\_\_

1) 1993 жылдан бастап осы уақытқа дейінгі кезеңге өтемақы төлеу жүргізілген жоқ/ жүргізілген (қажеттісінің асты сызылсын);

\_\_\_\_\_ (күні көрсетілсін) \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын сомасында жүргізілді.

2) теңгерімнен тыс арнайы шотқа (шоттың күнімен N көрсетілсін) жалпы сомасы \_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын нақты аударылды.

3) \_\_\_\_\_ теңгерімнен тыс арнайы шот ашылды.

(шоттың N мен түрі көрсетілсін)

Банктің деректеріне сәйкес, ол бойынша қаржыландыру жүргізілмеген, өйткені өтемақы сомалары бюджет қаражатымен расталмаған.

3. Банкпен салыстырып тексеру қорытындылары бойынша мыналар қажет деп санаймыз:

1) 1993 жылдан бастап төлеу сәтіне дейінгі кезеңде қаражатты қаржыландыру жүргізілмеген және теңгерімнен тыс арнайы шотында көрсетілген өтемақы сомасы бюджет қаражатымен расталмаған

\_\_\_\_\_ (күні көрсетілсін) ашылған N \_\_\_\_\_ теңгерімнен тыс арнайы шот жабылсын.

2) Банк N \_\_\_\_\_ теңгерімнен тыс арнайы шотқа \_\_\_\_\_ (күні көрсетілсін) бұрын нақты аударылған өтемақы төлеуді жүзеге асырсын.

4. Азамат \_\_\_\_\_ Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегуші ретінде тіркеуден бас тартылсын.

5. Қабылданған шешім туралы өтініш беруші хабардар етілсін.

Комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссияның мүшелері \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

Семей ядролық сынақ полигонындағы  
ядролық сынақтардың салдарынан  
зардап  
шеккен азаматтарды тіркеу, оларға  
біржолғы мемлекеттік ақшалай  
өтемақы  
төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы  
алу құқығын растайтын куәлік беру  
ережесіне 6-қосымша

**Ескерту. 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

(ауданның/қаланың атауы)

арнайы комиссиялары іс қағаздарының макеттерін өтемақы

төлеу жөніндегі уәкілетті органның аудандық

(қалалық) бөлімшелеріне жолдайтын азаматтардың тізімі

P/c N	Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болса)	Туған жылы	Тұратын жері	Іс қағазындағы парақтардың саны
1	2	3	4	5

Берген:

Арнайы комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_

Арнайы комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

М.О.

Қабылдаған: \_\_\_\_\_

Мөртаңбаның орны

Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органның  
аудандық (қалалық) бөлімшесінің бастығы: \_\_\_\_\_

Маман: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын куәлік беру ережесіне 6-1-қосымша Нысан

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегушінің жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын растайтын КУӘЛШ**

Ескерту. Ереже 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сериясы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ ж. бастап \_\_\_\_\_ ж. аралығында \_\_\_\_\_

қатер аймағында орналасқан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тұрды,

\_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ ж. бастап \_\_\_\_\_ ж. аралығында \_\_\_\_\_

қатер аймағында орналасқан \_\_\_\_\_ тұрды,

\_\_\_\_\_ (куәлікті берген мекеме)

Берілген күні М.О. Қолы

Куәлік мерзімсіз және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

**Ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға берілетін жеңілдіктер туралы ("Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан) қысқаша мәліметтер**

Заңның 5, 6, 7, 8, 9-баптарында көрсетілген аймақтарда тұрған және тұратын азаматтарға сараланған біржолғы ақшалай өтемақыға кепілдік беріледі.

Төтенше және ең жоғары радиациялық қауіпті аймақтарда тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтардың аймақтар бойынша зейнетақыға үстемеақы алуға құқығы бар.

Сонымен қатар, Заңның 5, 6, 7, 8, 9-баптарында көрсетілген аймақтарда тұратын азаматтар:

- 1) қосымша еңбекақы алуға;
- 2) жыл сайын ақысы төленетін қосымша демалыс алуға құқылы.

Ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен аумақтарда тұратын балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер санаторийлік-сауықтыру мекемелерінде тегін сауығуға (медициналық көрсеткіштер бойынша) құқылы.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сома

мөлшеріндегі біржолғы өтемақы төлеуді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жүргізді

(ұйымның атауы, күні, мөртаңба)

Алушының жеке қолы \_\_\_\_\_

полигонындағы ядролық  
сынақтардың салдарынан  
зардап шеккен азаматтарды  
тіркеу, оларға біржолғы  
мемлекеттік ақшалай өтемақы  
төлеу және жеңілдіктер мен  
өтемақы алу құқығын  
растайтын куәлік  
беру ережесіне  
7-қосымша  
Нысан

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешім 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_**

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша департаменті, өтемақы алушы ісінің № \_\_\_\_\_

Азамат \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), санаты (зейнеткер, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы/жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін)

Жынысы \_\_\_\_\_ Туған күні 19\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

1. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес:

\_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында 19\_\_ ж. бастап 19\_\_ ж. дейін тұрған кезең

үшін \_\_\_\_\_ теңге сомасында ( \_\_\_\_\_ АЕК)

\_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында 19\_\_ ж. бастап 19\_\_ ж. дейін тұрған кезең

үшін \_\_\_\_\_ теңге сомасында ( \_\_\_\_\_ АЕК)

\_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында 19\_\_ ж. бастап 19\_\_ ж. дейін тұрған кезең

үшін \_\_\_\_\_ теңге сомасында ( \_\_\_\_\_ АЕК)

\_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында 19\_\_ ж. бастап 19\_\_ ж. дейін тұрған кезең

үшін \_\_\_\_\_ теңге сомасында ( \_\_\_\_\_ АЕК)

\_\_\_\_\_ радиациялық қатер аймағында 19\_\_ ж. бастап 19\_\_ ж. дейін тұрған кезең

үшін \_\_\_\_\_ теңге сомасында ( \_\_\_\_\_ АЕК) біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы

(бұдан әрі – өтемақы) тағайындалсын.

Тағайындалған өтемақы сомасының жиыны: \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын ( \_\_\_\_\_ АЕК)

2. Төленген өтемақының сомасы (оның ішінде теңгерімнен тыс арнайы шотқа аударылғаны)

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ теңге ( \_\_\_\_\_ АЕК)

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ теңге ( \_\_\_\_\_ АЕК)

3. Төленетін өтемақының қалған сомасы (төленген (теңгерімнен тыс арнайы шотқа нақты аударылған) өтемақыны шегергенде).

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ теңге ( \_\_\_\_\_ АЕК)

(сомасы жазумен, теңге)

4. Өтемақы тағайындаудан бас тартылсын

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(бас тарту негіздемесі)

Тексерілді және бекітілді:

М.О. Департамент директоры \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі)

Зейнетақы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі бөлімнің бастығы

\_\_\_\_\_

(қолы) (тегі)

Тағайындау жөніндегі маман \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі)

Шешім жобасын дайындаған:

М.О. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің бастығы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі)

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

\_\_\_\_\_

(қолы) (тегі)

Семей ядролық сынақ полигонындағы  
ядролық сынақтардың салдарынан  
зардап  
шеккен азаматтарды тіркеу, оларға  
біржолғы  
мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу  
және  
жеңілдіктер мен өтемақы алу құқығын  
растайтын куәлік беру ережесіне 8-  
қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

Ескерту. Ереже 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2016 № 215 қаулыларымен.

Семей ядролық сынақ полигонындағы  
ядролық сынақтардың салдарынан зардап  
шеккен азаматтарды тіркеу және есепке  
алу және оларға жеңілдіктер алу құқығын  
растайтын куәлікті беру жөніндегі арнайы  
комиссияның төрағасына \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

мекенжайы бойынша тұратын  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжат

## Өтініш

Маған Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегушінің жеңілдіктер алу құқығын растайтын куәлікті (куәліктің телнұсқасын) беруді сұраймын.

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ қоса алғанда \_\_\_\_\_  
радиациялық әсер аймағының аумағында тұрдым.

Өтінішке жоғарыда көрсетілген аумақтарда тұру фактісін растайтын мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын: \_\_\_\_\_

Ұсынылған құжаттар үшін толық жауапты боламын.

Куәлікті (куәліктің телнұсқасын) беру үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(кесу сызығы)

Азамат \_\_\_\_\_ өтініші қоса берілген құжаттарымен  
" " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ данада қабылданды.

\_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы, лауазымы, Т.А.Ә. (бар болса))

Семей ядролық сынақ полигонындағы  
ядролық сынақтардың салдарынан  
зардап  
шеккен азаматтарды тіркеу, оларға



біржолғы мемлекеттік ақшалай  
өтемақы  
төлеу және жеңілдіктер мен өтемақы  
алу құқығын растайтын куәлік беру  
ережесіне 9-қосымша

**Ескерту. 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға куәлік (куәліктің телнұсқасын) беруді есепке алу журналы**

---

**куәлік берген органның атауы**

**Ескерту. Ереже 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулыларымен.**

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мекенжайы	Берілген күні	Куәлікті (куәліктің телнұсқасын) алушының қолы	Куәлікті (куәліктің телнұсқасын) берген адамның қолы
1	2	3	4	5	6